

PRIMEZONE ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН БЕРГІ ЖАРТЫ ЖЫЛ ІШІНДЕ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНДЕЛІКТІ САТЫП АЛУЛАРЫНДА 119 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕДІ. БІЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙМЫЗ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМА АРҚЫЛЫ КҮНДЕЛІКТІ САТЫП АЛУЛАР КЕЗІНДЕ ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ 10-15 ПАЙЫЗЫН ҮНЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕМІЗ. PRIMEZONE ПЛАТФОРМАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША 15 САНАТ БОЙЫНША 1000-НАН АСТАМ ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТАР ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР.

Саян СЫЗДЫҚОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару  
департаментінің бас менеджері



№53 (3092)  
15/07/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## «BURABAY EXPRESS» ЭЛЕКТРОПОЙИЗЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Астана – Бурабай курорты бағытына қатынайтын «Burabay Express» электропойызының тұсауы кесілді. «Нұрлы жол» теміржол вокзалына отандық зауыттан шыққан су жаңа электропойыз туристік бағдар бойынша жолға шықты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Жаңа буын электропойызының іске қосылуы барысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов туристік және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне арналған көшпелі кеңес өткізді. Электропойыз бортында өткен кеңеске Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Жәнібек Тайжанов, «Kazakhstan Tourism» АҚ және Туризм комитетінің өкілдері қатысты. Мәртебелі меймандар су жаңа электропойызды аралап көріп, жолаушыларға ұсынылатын



сервистік қызметтермен танысып шықты. Кеңес барысында Алакөл, Бурабай, Балқаш сынды курорттық аймақтармен теміржол қатынасын дамыту, вокзалдарды жаңғырту және қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері талқыланды. Жолаушыларды тасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар балаларға арналған жеңілдікпен жол жүру мүмкіндіктері отбасылық туризмді дамытуға жақсы алғышарттар жасайтыны атап өтілді. Басқарма төрағасы жолаушылар пойыздарының қозғалысын қамтамасыз етуде кестеден ауытқуды жедел әрекет ету арқылы азайтуды, сондай-ақ туристік бағыттарды дамыту мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық беруді тапсырды. Ел аумағындағы 125 вокзалдың жөндеу жұмыстарының барысы да сөз болды. Жұмыстардың мерзімінде және сапалы орындалуының маңыздылығы назардан тыс қалмады. «Burabay Express» электропойызын шығарып салу рәсімінде сөз сөйлеген «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма

төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов жолаушыларға жоғары сервис ұсыну – ұлттық тасымалдаушы қызметінің басты ұстанымы екенін жеткізді. – «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға Астана – Бурабай курорты бағдары бойынша №888/887 «Burabay Express» жаңа буын электропойызын ұсынып отыр. Жаңа электропойыз Петропавл қаласындағы отандық зауытта шығарылған және сандық шешімдерді есепке ала отырып, көп деңгейлі сервистік қызмет көрсетуді, жылдам қозғалысты біріктіре, халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес келеді. Елордадан Қазақстанның ең танымал туристік бағыттарының біріне дейін сапар небәрі 2,5 сағатты алады. Ұлттық тасымалдаушы жолаушыларға пойызға елорданың екі вокзалынан мінуді және курорттық аймақтағы қонақүйлерге кіру мен шығу үшін ыңғайлы кестені ұсынып отыр, – деді Әнуар Ахметжанов. (Жалғасы 2-бетте)  
Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

### ЛОГИСТИКА БУДУЩЕГО – УЖЕ СЕГОДНЯ



Делегация АО «KTZ Express» приняла участие в AIFC Day в рамках Финансовой недели в Чэнду. Одна из ключевых экономических площадок юго-западного Китая – Финансовая неделя в Чэнду — собрала представителей деловых и логистических кругов Азии. В рамках мероприятия состоялся AIFC Day, организованный Международным финансовым центром «Астана». Активное участие в событии приняла и компания KTZ Express. С речью от имени компании выступил директор филиала «Xinjiang KTZ International Logistics Co., Ltd.» Серик Сейтжанов. В своём обращении он подчеркнул возрастающую роль Казахстана, как ключевого логистического хаба, на евразийском пространстве, акцентировав внимание на перспективах развития Среднего коридора (Транскаспийского международного транспортного маршрута — ТМТМ). Серик Сейтжанов представил участникам конкретные данные о динамике грузопотоков, проходящих через территорию Казахстана, а также о масштабных инфраструктурных проектах, реализуемых в стране. Его выступление вызвало живой интерес у деловой аудитории и было высоко оценено с точки зрения инвестиционного потенциала. В рамках форума также обсуждались вопросы расширения сотрудничества в рамках инициативы «Один пояс — один путь», цифровизации логистических процессов и повышения устойчивости международных транспортных цепочек. По мнению участников, объединённые усилия в области логистики и инфраструктуры позволяют не только укрепить позиции Казахстана в глобальной торговле, но и обеспечить более устойчивое и эффективное движение товаров между Востоком и Западом.

Айлин БАУРЖАН



Расул БУРАТАЕВ,  
заместитель директора Акмолинского  
филиала АО «Қазтеміртранс»:

ОТКРЫТИЕ НОВОГО СЕРВИСНОГО КАБИНЕТА В АКМОЛИНСКОМ ФИЛИАЛЕ – ВАЖНЫЙ ШАГ НА ПУТИ К СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ КЛИЕНТСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ И ЦИФРОВИЗАЦИИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С БИЗНЕСОМ. ТЕПЕРЬ НАШИ КЛИЕНТЫ СМОГУТ ПОЛУЧАТЬ ПОЛНЫЙ СПЕКТР УСЛУГ В ОДНОМ МЕСТЕ – ОТ ОФОРМЛЕНИЯ ЗАЯВОК И КОНСУЛЬТАЦИЙ ПО ЛОГИСТИКЕ ДО ПОМОЩИ В РЕШЕНИИ ТЕКУЩИХ ВОПРОСОВ. МЫ СТРЕМИМСЯ СДЕЛАТЬ ПРОЦЕСС ОБЩЕНИЯ С КЛИЕНТАМИ НЕ ТОЛЬКО ЭФФЕКТИВНЫМ, НО И КОМФОРТНЫМ, ОТВЕЧАЮЩИМ СОВРЕМЕННЫМ ТРЕБОВАНИЯМ ЛОГИСТИЧЕСКОГО РЫНКА

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БИЫЛ

1 200

БІРЛІК ВАГОН САТЫП  
АЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ШПАЛДАР МЕН  
РЕЛЬСТЕРДІ АУЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ

31,2 км

КІРМЕ ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ  
МЕЖЕЛЕНГЕН.

2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

5 000 км

ЖОЛ ЖАҒЫРТЫЛАДЫ ЖӘНЕ  
САЛЫНАДЫ.

### Актуально

## НОВАЯ МАГИСТРАЛЬ – В ОБХОД МЕГАПОЛИСА

Строительство обводной железнодорожной линии в обход железнодорожного узла станции Алматы идет стремительными темпами.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Основная задача новой железнодорожной ветки – обеспечить бесперебойный транзит грузов в обход Алматы, тем самым сократить движение тяжелых составов по городской сети. Это позволит снизить шумовую и экологическую нагрузку на жилые районы, повысить безопасность движения и создать условия для дальнейшего развития транспортной системы региона.

На строительной площадке задействовано 268 специалистов и 124 единицы современной дорожно-строительной техники. Работы идут по четкому графику с использованием передовых технологий и высококачественных материалов. Объем уже выполненных земляных работ составляет 6 239 259 м³, включая 4 872 035 м³ насыпей



и 1 367 224 м³ выемок. Общий проектный объем земляного полотна – 6 464 491 м³. Укладка рельсошпальной решетки также набирает обороты: зашивка на базе ПМС Жетыген составляет 75 480 погонных метров, из них 40 638 погонных метров уже уложены. Всего по проекту предусмотрено строительство 19 мостов и путепроводов. В

работе находятся 18 объектов, на одном участке продолжают работы по фундаментам и опорам, на 17 мостах уже смонтированы пролетные строения. Общий объем железобетонных конструкций составляет 32 859,45 м³, из которых 30 211,51 м³ на текущий момент смонтирован. По проекту предусмотрено устройство 56 водопропускных

труб. Работы начаты на всех объектах, из них 51 труба уже смонтирована. Оставшиеся пять также готовы к монтажу – предстоит их проведение под действующими железнодорожными путями. Ведется монтаж электрооборудования: из 1814 опор воздушных линий электропередачи напряжением 10 кВ установлено 592, протяжка кабеля составляет 3,9 километра. По всей линии установлено 68 километров трубы ПЭТ 40 под волоконно-оптические линии связи (ВОЛС). Параллельно идут строительные-монтажные работы на станциях Сорбулак и Казыбек-Бек. В Сорбулаке ведется строительство двухквартирного жилого дома, пожарного резервуара на 200 м³ и резервуара для питьевой воды объемом 25 м³. На станции Казыбек-Бек выполнены котлованы под здания линейно-путевого управления СЦБ. Участок огорожен, начат монтаж конструкций.

Фото автора

## КЛЮЧЕВОЕ ЗВЕНО НОВОГО МАРШРУТА

АО «Кедентранссервис» участвует в запуске нового регулярного контейнерного сервиса по доставке грузов из Екатеринбурга (Россия) в Китай через территорию Казахстана.

Любовь РОВБА,  
Астана

Проект реализован логистическим оператором «ЛОГОПЕР» совместно с АО «Кедентранссервис», выступающим в качестве ключевого партнера по обеспечению бесперебойного движения и обработки грузов на казахстанском участке маршрута. Регулярный маршрут по перевозке контейнерных перевозок в полувагонах из

Уральского региона РФ в Китай транзитом через территорию Казахстана запущен в рамках международной промышленной выставки ИННОПРОМ. Новая технология организации перевозок предусматривает загрузку экспортных контейнеров в порожние полувагоны на ТЛЦ «Уральский», образующиеся после выгрузки угля. Составы с контейнерами направляются в Астану, где осуществляется перегрузка на фитинговые платформы и

отправляют через Достык в Китай. Порожние полувагоны возвращаются к месторезидентов для новой загрузки углем. До станции Достык поезда следуют по согласованному расписанию, в результате чего общее время в пути не превышает шести суток. Реализация данного маршрута позволяет оптимизировать логистические процессы, снизить порожний пробег полувагонов, повысить эффективность использования подвижного состава. АО «Кедентранссервис» продолжает развивать транзитный и экспортный потенциал Казахстана, укрепляя международные логистические связи.

### 112 БАҒДАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ



Қазақстанда ішкі туризм үшін ең басты көлік түрі – пойыздар болып қалып отыр. ҚТЖ биылғы жазғы маусымда барлық бағдар бойынша 4,2 млн-нан астам жолаушыны тасымалдауға дайын. Жаз маусымы басталғалы бері Бурабай курорты станциясына дейін 47,8 мыңнан, Алакөлге дейін 32,5 мыңнан астам адам тасымалданған. Осы екі бағыт бойынша барлығы 80,4 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетілген. Алакөлге жалпы 280 мыңға жуық жолаушыны тасымалдау жоспарланып отыр, бұл өткен жылға қарағанда 16 мың адамға көп. Бұл бағыттағы вагондар 100% толып кетіп отыр. Жазда «Жолаушылар тасымалы» АҚ 112 бағдар бойынша 4,2 млн-ға дейін жолаушыны тасымалмен қамтамасыз етпек. Сол үшін Алакөл, Балқаш, Бурабай курорты сияқты негізгі курорттық бағыттарды қамтитын қосымша пойыздар саны арттырылды. Қозғалыс кестесіне 11 пойыз бен тіркеме вагондар қосылды, олардың қатынау мерзімділігі әр түрлі, яғни күн сайын жүретіні де бар, аптасына бірнеше рет қатынайтыны да бар. Әсіресе, Астана мен Алматыдан Достық, Жалаңашкөл, Шымкент және басқа да туристік аймақтарға бағытталған бағдарлар жоғары сұраныста. Жолаушыларға қолайлы болуы үшін Жалаңашкөл және Көктума вокзалдарында персоналдың жұмыс кестесі өзгермелі етіп енгізілді. Ақши станциясының вокзалы тәулік бойы жұмыс істейтін режимге ауыстырылды. Санитарлық аймақтар, күту залдары мен басқа да тиесілі инфрақұрылым жаңартылды. Станцияларда дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі мен билет кассалары жұмыс істеп тұр.

Ұлан ОРАЗ

## СЕМЕЙ СТАНЦИЯСЫ ТОП ЖАРДЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

**Семей ЖТ бөлімшесінде кәсіби дағдыларды қалыптастыру мен дамыту мақсатында жоспарлы іс-шаралар жиі өткізіледі. Әсіресе танымдық мәні зор семинар-тренингтер маңызды орын алады.**

Қазіргі таңда бөлімше аумағында өткізіліп жатқан техникалық дәрістер мен семинарлардың тақырып ауаны мен әдістемелік тәсілдері әр алуан. Негізінен күн тақырыбынан түспей келе жатқан еңбек және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шаралары басты орында тұр. Дегенмен күнделікті қызметте өзекті болуы себепті өндіріс барысында жасанды интеллектті қолдану, басқару жүйесін автоматтандыру сынды мәселелер де кеңінен қамтылуда.



Бұл орайда бөлімшедегі Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімі мамандарының айтуынша теміржол саласындағы цифрландыру ісі бойынша біліктілікті арттыруға баса ден қойылууда.

Мәселен осыдан біраз уақыт бұрын еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасын сақтауда жұмыс орындарындағы жасанды интеллекттің рөлі және цифрлық сауаттылықтың маңыздылығы бойынша өткізілген айтулы семинар-тренинг сайыс түрінде ұйымдастырылды. Сондықтан болса керек, қатысушылардың қызығушылығы да жоғары болды. Жүлдеге кәсіподақ ұйымының демеушілігімен қомақты қаражат тігілген болатын. Семинарға қатысушы қозғалысшылар қауымы намысқа тырысып бақты. Нәтижесінде осыған дейінгі жинаған білім-білігі мол командалар 50 мыңнан 20 мың теңге аралығындағы ақшалай сыйлықтарды өзара бөлісті. Жеңімпаздарды бөлімше басшысы Алмас Сейсемқанов пен филиалдың бас инженері Ерғазы Ережепов салтанатты түрде марапаттады.

Ынталандыру жоғары мұндай сайыстар өзара тәжірибе алмасып, мамандардың білмегендерін толықтыруда берері мол екендігі тағы бір мәрте дәлелденді.

Дәл осындай сайыс түріндегі аймақтық семинар-тренинг апта сәрсенбісінде Семейдегі теміржол колледжінде де болып өтті. Арнайы шараға желі бойындағы станция қызметкерлері жиналған болатын. Тасымал бойынша ақпараттық жүйені автоматтандырудағы іскерлік дағдыны шыңдауға арналған сайыс қозғалысшылардың біліктілік деңгейін де анықтап берді. Олай дейтіміз, көктемгі комиссиялық байқауда барлық көрсеткіш бойынша үздік атанған кластан тыс Семей станциясы семинар-тренингке қатысушы 5 команданың ішінде айқын басымдықпен бас жүлдені жеңіп алды.

Бұл ретте бөлімше басшысының орынбасары Ерғазы Жұмаділов бастаған қазылар алқасы қатысушылардың «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның «Цифрлық трансформация» бағдарламасы бойынша білімдерін сарапқа салған болатын.

Семинар-тренинг барысында маневрлік локомотивтердің нақты жүктемесін бағалау, деректерді өңдеудің сенімділігін арттыру, адам факторының әсерін азайту, станция жұмысындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау, сондай-ақ жалпы өнімділікті арттыру мәселелері жан-жақты түрде қамтылды.

Іс-шарада сонымен қатар Жаңа-Семей, Өскемен-1 және Шемонаиха станцияларының теміржолшылары да зор белсенділік танытты.

*Суретті түсірген автор*

## «BURABAY EXPRESS» ЭЛЕКТРОПОЙЫЗЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Burabay Express» аттасына бес рет жүреді. Бұл бағдарға билеттерді клиенттер алғаш рет пойыз жөнелтілгенге дейін 45 күн бұрын сатып ала алады. Жол жүру құнына келсек, бірінші класты вагонға 5 805 теңге, екінші класты 3 586 теңге және үшінші класты 2 962 теңге. Астанадан таңертең сағат 11:00-де жөнелтілген электропойызы Бурабай курорты станциясына сағат 13:35-те келіп жетсе, ал Бурабай курортынан осы күні сағат 14:15-те кері қайта жолға шығып, елордада сағат 17:00-де болады. Электропойыздың қала маңындағы құрамына ауаны баптау жүйесі, қызмет көрсетудің жайлы үш класы бар, 374 орынға есептелген 6 вагон кіреді. Бірінші класты жолаушыларға реттелетін арқалықтары мен жеке үстелдері, багажға арналған сөресі бар жоғары жайлылық креслолары ұсынылады. Ақпараттық және ойын-сауық контентін көрсету үшін мониторлар жабдықталған, Wi-Fi мультимедиялық жабдықтары орнатылған. Әрбір отырғызу орнында гаджеттер мен мобильді құрылғыларға арналған USB қосқыштары бар. Вагон сапар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Жолаушыларға борттық тамақтану ұсыну жағы қарастырылуда. Екінші класты вагон қолжетімді баға мен қызметтің жоғары деңгейін, Wi-Fi мультимедиялық



жабдықтарын, бейнебақылауды, ұялы телефондардың зарядтау нүктелерін біріктіреді, сонымен қатар әртүрлі сусындар мен әртүрлі мәзірлерді сататын купе-буфет орнатылған. Ал үшінші класты вагонда жылдам зарядтау функциясы бар кіріктірілген USB/Type-C розеткалары бар ыңғайлы креслолы орындар қарастырылған. Тамбур аймағында велосипед тұрағы үшін қолжетімді орын да бар. «Burabay Express» инклюзивтілік, ыңғайлылық және қолайлылық қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Жаңа электропойыздың үшінші класы екі жағынан да платформалық көтергіштермен және арнайы санитарлық аймақпен жабдықталған, бұл ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларға қолайлы болмақ.

Барлық вагондарда платформасы төмен станциялардан отыруды және түсуді жеңілдететін автоматты жылжымалы аяқ тіректері

бар, бұл әсіресе егде жастағы адамдар мен балалары бар жолаушылар үшін ыңғайлы. Сондай-ақ арнайы қажеттіліктері бар жолаушыларға арналған кеңейтілген кабиналарды қоса алғанда, биодретханалар орнатылған. Пойыздың сыртқы келбеті Ұлттық тасымалдаушының фирмалық стилінде безендірілген. Локомотив бригадалары үшін де қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ететін көп позициялы реттелетін эргономикалық креслолар қарастырылған.

«Burabay Express» жаңа құрамын іске қосу – бұл қызмет көрсету сапасын арттыруға, инновацияларды енгізуге және барлық азаматтар үшін көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған қала маңындағы тасымалдарды дамытудағы кезекті қадам», – деді Әнуар Ахметжанов.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

## DEUTSCHE BAHN: ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ ӨТТІ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ вагондардағы сервистік қызмет көрсету сапасын арттыруда әлемдік тәжірибеге сүйенуді жалғастырады. Қазақстандық жолсеріктер Германияның Ұлттық тасымалдаушы Deutsche Bahn компаниясының шеберлік сағатына қатысты.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Ұлттық тасымалдаушы соңғы жылдары германиялық Deutsche Bahn компаниясымен серіктестікті арттырып, бірнеше жобаларды бірлесе атқаруда. Ең басты мақсат – клиентке мойын бұру. Оның ішінде операциялық тиімділік, маркетинг пен сатылым, жылжымалы құрамды дамыту жобалары бар. Бұл бағытта компания қызметкерлері мен жолсеріктер арасында методикалық және практикалық семинар-тренингтер жиі өтеді. Кезекті оқыту семинары Ақтөбеде өтті. Жолаушыға қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған семинарға «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты Батыс аймақтық филиалының жолсеріктері қатысты.

«Әр жолаушы назарда болу керек. Сапар барысында клиентті

ести алу маңызды. Қажеттілікке, сұранысқа сай бағдарлай білу үйлесімді болса, қызмет сапасы да жүйелі деген сөз. Әлеуметтік қажеттілігі әртүрлі адамдармен жұмыс істегенде үнемі өзгерістер мен толықтырулардың болуы заңдылық. Бүгінгі семинар осы тақырыпты қамтыды. Жолаушылар тасымалы қызметі стандартындағы өзгерістер. Бізде «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-мен арада бірлескен жобалар аз емес. Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларында түрлі форматта кездесулер өтті. Қазақстандық әріптестеріміз тарапынан көптеген қызықты ұсыныстар естіді. Интерактивті материалдар арқылы маңызды ақпараттармен бөлістік, бұл жұмыс барысында тиімді деп ойлаймыз», – деді эксперт Ирина Балзер.

Сонымен қатар семинарда



Deutsche Bahn компаниясының серіктесі Фредерик Энандер аудармашы арқылы баяндама оқыды. Ол сервисті жақсарту үшін енгізілетін озық идеялар қарапайым ұсыныстардың арасында болатынын айтты. Жолаушының қажеттілігіне, сұрақтарына мән бере білу кері байланысты нығайтып, дамуды көрсететіні сөз болды.

Сонымен қатар билеттерді онлайн сатуды жетілдіру, әлеуметтік маңызды пойыздардағы мүмкіндігі шектеулі жолаушылар вагонға кіргеннен шыққанға дейін ерекше назармен қызмет көрсету қажеттілігі айтылды.

«Бүгін әріптестеріміз негізгі стандартқа енгізілген өзгерістермен танысты. Бес учаскеден басшылық құрам, жолсеріктер келді. Өздерінің сұрақтарын қойды. Ашық диалог болды.

Ерекше қажеттілігі бар жолаушылармен қарым-қатынас туралы детальді түсіндірулер болды. Көзі нашар көретіндер, орнынан қозғала алмайтын мүгедектері бар жолаушыларға қалай қызмет көрсетілу керек екені түсіндірілді», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалының басшысы Ердулет Сейтқазинов.

Семинар барысында тәжірибе алмасумен қатар күйзеліске төзімділік, жолаушымен қарапайым байланысқа келу, жанжалды басқару білу шеберлігі, коммуникация ерекшеліктері айтылды. Интерактивті тақтада көрсетілген шеберлік сағатының материалдарын қатысушылар суретке түсіріп алып отырды. Семинарға қатысқандарға арнайы сертификат берілді.

*Суретті түсірген автор*

## ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ...



ҚАУІПСІЗДІК

**«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл учаскесі бойынша ревизия аппаратының жүргізген тексерулерінің қорытындысы бойынша Жамбыл жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты құрылымдарда биылғы бес айда қозғалыс қауіпсіздігін бұзуға жол берілген 8 жағдай анықталған.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл

Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш екі оқиғаға төмендегенімен, қозғалыс шаруашылығында бұл көрсеткіш артқан. Жүргізілген талдау-сараптаулардың нәтижесі құрылымдық бөлімшелерде қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шараларына бақылау төмендегенін көрсетіп отыр. «Қадағалаудың тиісті деңгейде болмауынан шаруашылықтарда қозғалыс қауіпсіздігінің жай-күйі ай сайын нашарлаған» дейді ревизорлар.

Жамбыл аймақтық бас ревизор Медет Қолдасов жыл басынан бастап қозғалыс қауіпсіздігі мәселелері бойынша 325 тексеру жүргізіліп, 2559 сәйкессіздік анықталғанын, 467 тыйым салынған және шектеу сипатындағы шаралар қабылданғанын атап өтті.

– Қабылданған шаралардың нәтижесінде 19 локомотив, 89

жүк вагоны, 2 арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам пайдаланудан шеттетілді. Жабдық 44 станциялық жолдың және 31 бағыттамалы бұрманың қозғалысы үшін қозғалыс жылдамдығы 163 шақырымға шектелді. Жүк тасымалы мен Магистральдық желі бөлімшелері тарапынан профилактикалық іс-шаралар тиісті деңгейде жүргізіліп тұр. Орын алған жағдайлар қауіпсіздік шараларының сақталмағанын көрсетеді. Шу, Жамбыл станциялары мен локомотив пайдалану деполарының басшылары қозғалыс қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты станция, сұрыптау дөңестері бойынша кезекшілер, пойыз құрастырушылар, сигнал берушілер және локомотив бригадалары жол беретін өрескел жүйелік бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдамаған. Соның салдарынан, атап айтсақ, Бірлік-1, Көктас, Құмшағал, Түркісіб станцияларында жиі қайталанатын



бұзушылықтардың кесірінен бағыттамалы бұрмалардың кесінділері «басқарылмайтын» күйде қалып отыр, – дейді Медет Қолдасов.

Ревизорлық аппарат орын алған жағдайлардың негізгі себебі – сала қызметкерлері мен жұмысшылардың техникалық білімінің төмендігі екенін алға тартады. Бұған желілік және өңірлік деңгейдегі басшылардың әкімшілік және техникалық шаралар қабылдамауы, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу тәуекелдерінің

дер кезінде анықталмауы, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін іске асыру бойынша профилактикалық жұмыстар мен бақылау жүргізілмеуі тікелей әсер етіп отыр.

– Ал теміржолда орын алған жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі – автокөлік жүргізушілерінің жол жүру ережелерін сақтамауы. Жүргізушілер өткелдегі дабылдарға қарамай, жолды кесіп өтуге асығады. Салдары пойыздар мен

машиналардың қақтығысына әкеліп соғуда. Нәтижесінде жолаушылар жарақат алады, локомотивтер зақымданады, пойыздар кестеден кешігеді.

Жамбыл бөлімшесіне қарасты жол жағдайы жаман емес, пойыздардың, оның ішінде «Талығ» вагондарынан құрылған жолаушылар пойыздары үшін жоғары қозғалыс орындарында орналасқан күзетілмейтін теміржол өткелдері арқылы пойыздардың жүру жылдамдығын 140 км/сағаттан 40-60 км/сағатқа дейін төмендету мәселесін қарастыруды ұсынды.

2022 жылғы 1 қарашадағы қақтығысқа көпшіліктің әлі есінде. Тараз – Шу учаскесінің 3674 шақырымындағы «Қорағаты – Тәтті» аралығында күзетілмейтін, реттелетін теміржол өткелінде №78 «Маңғыстау-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызына «Ауди-100» маркалы жеңіл автокөлігі қақтығысып, жол апаты орын алды. Көліктегі 6 адам қайтыс болды.

Былғы маусым айында бірнеше оқиға орын алды. Локомотив бригадалары жол-көлік оқиғаларының алдын алмаса, салдары қалай боларын болжаудың өзі қиын... Таратып айтсақ, № 34 жолаушылар пойызының машинисі Аспара – Шу аралығының 3730

шақырымында тура өткел үстінде трактордан ажырап қалған тіркемеге жеткізбей құрамды шұғыл тоқтатып үлгерді. Дәл осы күні №86 жолаушылар пойызының машинисі де қырағылық танытып, тағы бір апаттың алдын алды. Ал 13 маусымда Аспара – Шу аралығының 3730 шақырымында орналасқан күзетілмейтін, реттелетін теміржол өткелінде сағатына 58 шақырым жылдамдықпен келе жатқан №2057 жүк пойызының машинисі өткел үстінде моторы өшіп қалған «Камазға» 50 метр жетпей, локомотивті шұғыл тоқтатып үлгерді. Міне, бір айдың ішінде, араға апта салып, 3 бірдей оқиға орын алып отыр, – дейді аймақтық бас ревизор.

Бұл ретте әрине машинистер қырағылығын ерекше атап өткен жөн. Дегенмен, бас ревизордың пікірінше, осы оқиғалар қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда профилактикалық іс-шараларды күшейту қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар теміржолшылар жауапкершілігін арттыру қажет. Кадрларды кәсіптік талаптарға сай жасақтау және қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты мамандарды, лауазымдарды кәсіби іріктеуі керек.

– Еңбек және технологиялық тәртіпті нығайту, қызметкерлердің техникалық білім деңгейін арттыру және тағы басқа да міндеттердің орындалуы қатаң қадағалануы тиіс. Тәртіп пен талап бар жерде – жүйелі жұмыс бар, – дейді бас аймақтық ревизор Медет Қолдасов.

## СЛАЖЕННО И ПРОФЕССИОНАЛЬНО



ПЕРЕВОЗКИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

Филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» продемонстрировал уверенный рост по объемам погрузки за последние три месяца. На станциях региона было отгружено 105 719 вагонов различных грузов, что в общей сложности составило 6 миллионов 981,6 тысячи тонн.

Среднесуточные показатели также впечатляют: в сутки железнодорожники отгружали в среднем 1 162

**Более 6,9 миллиона тонн грузов отправлено со станций Костанайского региона во втором квартале 2025 года.**

вагона, или 76,7 тысячи тонн. Наиболее значимую долю в общем объеме составили рудные грузы. Так, железной руды было отправлено 44 268 вагонов, что эквивалентно 3 миллионам 86,6 тысячи тонн. Цветной руды погружено 30 601 вагон, или 2 миллиона 74,4 тысячи тонн.

Кроме того, в отчетном периоде отгрузка включала 11 764 вагона зерна (793,9 тысячи тонн), 3 122 вагона продуктов перемола (210,2 тысячи тонн), 795 вагонов огнеупорных материалов (52,6 тысячи тонн), а также



576 вагонов строительных грузов (37,8 тысячи тонн).

– Может быть, я повторюсь, но таких результатов мы добиваемся благодаря профессионализму и самоотдаче наших железнодорожников. Это не просто цифры – за каждым вагоном стоит труд конкретных людей. Именно слаженная работа всего коллектива позволяет нам достигать таких результатов, – отметил

начальник отдела логистики Костанайского отделения ГП Кенес Дюсекеев.

По итогам второго квартала Костанайское отделение уверенно подтверждает свой статус одного из ключевых логистических звеньев в системе грузовых перевозок страны, продолжая демонстрировать стабильность, эффективность и ответственность.

*Фото автора*

## НЕ ТЕРЯЯ БДИТЕЛЬНОСТИ



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Яна ЛЕНИНА,**  
Илецк

Как отметил начальник ПТО Илецк Рашид Байниязов, в предприятии постоянно ведется профилактическая работа согласно Комплексному плану мероприятий по сохранности перевозимых грузов, вагонного парка, товароматериальных ценностей на 2025 год. На участках ПТО размещены списки служебных телефонов должностных лиц филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»-«Илецк», ВЖДО и правоохранительных органов для своевременной передачи информации при обнаружении противоправных действий, связанных с хищением, а также вероятности террористических актов. Ужесточается контроль при приеме вагонов по межгосударственному стыковому пункту (МГСП) Илецк в части



осмотра подвижного состава с целью выявления устройств «тайников».

Он также подчеркнул, что с начала 2025 года по теме противодействия коррупции было проведено 15 технических занятий на ПТО, КП, ТОР с охватом 95 человек. Работниками ПТО Илецк коррупционных правонарушений

не допущено.

В своем выступлении начальник ЛОП на станции Илецк Олег Гигилев разъяснил работникам, какие именно действия являются коррупционными, рассказал о фактах намеренного поджога релейного шкафа и цистерн, находящихся на железнодорожных путях, совершенных в

Оренбургской области диверсантами из других регионов. Подробные инструкции по проведению террористических актов с привлечением детей за денежное вознаграждение имелись в заблокированных телеграм-каналах. В этой связи рекомендовано провести беседы с детьми о запрете выхода в подобные каналы, и повысить бдительность на железнодорожных путях.

– В ЛОП станции Илецк сформирована спецгруппа, которая производит объезд инфраструктуры железнодорожного транспорта, с целью выявления террористических действий. Введен запрет на использование БПЛА в личных целях, право использования беспилотных летательных аппаратов имеют только военные структуры, – проинформировал он.

Олег Игоревич также пояснил, какая административная и уголовная ответственность следует за совершение террористических актов, хищений и других правонарушений. При этом он отметил, что по Илецкому железнодорожному узлу за первое полугодие случаев хищения имущества, товарно-материальных ценностей не допущено.

*Фото автора*

## НА РЕЛЬСАХ ЗНАНИЙ



СОЦИУМ

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Такой формат уже стал доброй традицией: интеллектуальные состязания по итогам разных видов обучения не только помогают закрепить полученные знания, но и развивают навыки командной работы, управленческое мышление и умение быстро принимать решения в нестандартных ситуациях.

На этот раз участниками стали две группы подготовки машинистов электроваз – ПМЭ-1 и ПМЭ-2. Вопросы охватывали ключевые дисциплины профессиональной подготовки: устройство и управление электроваз, автоматические тормоза, техническая эксплуатация железных дорог.

В состав жюри под председательством начальника отдела по учебно-методической работе Виктора Отрошенко вошли

машинисты-инструкторы Денис Шулаев (ТЧЭ-9 Жана-Есиль), Евгений Колпаков (ТД Атбасар), Сергей Кривошеин (ТЧЭ-14 Караганды). Как командированные преподаватели, они внесли большой вклад в обучение обеих групп.

– Примечательно, что группы находятся на разных стадиях обучения. Так, группа ПМЭ-1 в конце июня вернулась с производственной практики и уже 11 июля будет сдавать экзамены. А группа ПМЭ-2 начала обучение в апреле этого года и завершит его только в октябре. Однако слушатели ПМЭ-2 согласились побороться на интеллектуальном ринге в знании предложенных предметов. К слову, борьба выдалась упорной, – отмечает организатор мероприятия – мастер производственного обучения Центра оценки и развития персонала железнодорожного транспорта Сансызбай Шашдаулетов.

Игра прошла динамично, каждая команда демонстрировала незаурядную эрудицию и скорость реакции. Поддержка аудитории в лице слушателей групп подготовки машинистов тепловозов, а также групп повышения квалификации машинистов тепловозов и электроваз на класс, соревновательный дух и глубокие знания сделали игру настоящим праздником. Но победил опыт – в двух из трех дисциплин лучшей стала команда ПМЭ-1. Однако соперники из ПМЭ-2 вырвали победу в туре на знание устройства и управления электроваз. Итог игры – 2:1 в пользу ПМЭ-1. К слову, за помощь зрительного зала самые активные представители аудитории тоже были поощрены памятными призами.

Помимо интеллектуального состязания, ко Дню столицы в центре организовали и спортивные – соревнования по мини-футболу, настольному теннису, гирям и шахматам. В них приняли участие все слушатели, проходящие в обучение в центре.

На футбольном поле не было равных группе подготовки машинистов тепловозов ПМТ-2, на втором месте – ПМЭ-1, на третьем – ПМТ-3. Лучшим вратарем признан Нуржан Сарсенов (ПМТ-2), лучшим защитником – Байсұлтан Сарсембек (ПМТ-3), лучшим нападающим – Мағжан Жұмабек (ПМЭ-1), а лучшим игроком – Қанат Абсеитов (ПМЭ-1).

В настольном теннисе первое место занял Виталий Аксенов (МЭ-4), второе – Санжар Шағали (ПМТ-3), третье – Марат Домбаулов (ПМЭ-2).

В поднятии гири победителем стал Айдос Ербатыров (ПМТ-3), в шаге от него остановился Самат Кобланов (МТ-5), замкнул тройку лидеров Аскар Сейтжанов (ПМЭ-1). В соревнованиях по шахматам победителем стал Бауыржан Ыдырышев, вторым – Сәкен Серикбаев, третьим – Мейрам Талғатұлы.

Все победители и призеры получили медали, грамоты и памятные подарки.

*Фото автора*

## РЕКОРДНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ИЮНЯ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

ИТОГИ

По итогам июня 2025 года по сети АО «НК «КТЖ» установлен новый рекорд перевозки угля АО «Шубарколь комир» на экспорт – 841 тысяча тонн, что на 26% превышает среднемесячный показатель текущего года.



В рамках экспортных контрактов топливо было успешно направлено в российские порты – Вышестеблиевская, Лужская и Выборг, а далее в страны дальнего зарубежья.

Рекордный результат стал возможен благодаря слаженной и профессиональной работе всех участников процесса – грузового блока Карагандинского отделения грузовых перевозок, начальников и работников станций Кызылжар и Шубарколь, диспетчерского аппарата РЦУП, которые, согласно поданным заявкам, осуществили своевременное обеспечение порожними вагонами, вывод груженых составов и отправление их на станции назначения. В данном процессе значимый объем работы также выполнен сотрудниками АО «Шубарколь комир» и экспедиторской компанией ТОО «ТрансКом».

– Рекордные показатели июня – не предел! На сегодняшний день перед перевозчиками поставлена новая амбициозная цель – в июле 2025 года отгрузить 843 тысячи тонн угля. Эта задача будет осуществлена благодаря слаженным действиям работников и АО «НК «КТЖ» и АО «Шубарколь комир», – отмечает заместитель директора филиала по логистике Карагандинского отделения грузовых перевозок Данияр Сапиев.

Всего за месяц по железной дороге перевезено около 1,2 миллиона тонн угля, что на 11,1% больше по сравнению с тем же периодом прошлого года. При этом внутри Казахстана – 326 тысячи тонн.

*Фото автора*

## ВСЕГДА ГОТОВЫ

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

УЧЕНИЯ

**Тренировочное учение по выявлению большого ко подозрением на особо опасную инфекцию прошло на железнодорожной станции Павлодар.**



В мероприятии приняли участие структурные подразделения филиалов АО «НК «КТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП», ТОО «ВЖДО», медицинские организации управления здравоохранения Павлодарской области, региональный

департамент санитарно-эпидемиологического контроля, филиал РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы», линейный отдел полиции на станции Павлодар и ТОО «Павлодарвокзалсервис».

В ходе тренировочных учений на тему «Холера» с развертыванием карантинного тулика отработана тактика действий причастных служб и ведомств в соответствии со схемой оповещения и комплексным планом по организации и проведению санитарно-профилактических, лечебных и противоэпидемических мероприятий на случай выявления большого ко с подозрением на карантинную и особо опасную инфекцию.

– В современных условиях активно развиваются миграционные процессы, в то же время активизация туристических потоков требует особого внимания к обеспечению санитарной охраны государственной границы и санитарно-эпидемиологического благополучия населения. В связи с этим службы здравоохранения Павлодарской области находятся в постоянной готовности к оперативному реагированию на возможные угрозы, связанные с чрезвычайными ситуациями в области общественного здравоохранения, – сказал руководитель Павлодарского областного управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения РК Толеген Аязбаев.

Тренировочное учение прошло успешно, результаты показали готовность причастных служб на случай угрозы завоза и распространения карантинной и особо опасной инфекции.

*Фото автора*

## КӘСІПОДАҚ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Бір есептік сайлау мерзімі бес жылды құрайды десек, Жамбыл жол бөлімшесінде кәсіподақ ұйымын жиырма жылға жуық басқарған Жұман Сәменовті теміржолшылар үш мәрте қайта сайлапты. Бұл – кәсіподақ мүшесі болып табылатын қарапайым еңбек адамының сенімі деген сөз.



Теміржолшылар кәсіподағы ұйымының Жамбыл филиалына 19 жыл төрағалық еткен Жұман Сәменовті құрметті еңбек демалысына шығарып салған салтанатты жиында әріптестері осыны айтты. Сала кәсіподағы төрағасының орынбасары Ғафу Несіпбаев, «Астана» филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев, Орталық тексеру комиссиясының төрағасы Нұржан Асқарбаев, тағы басқа азаматтар арнайы келіп, кәсіподақ ардагеріне жылы лебіздерін білдіріп, құрмет көрсетті.

– Көпшіліктің шынайы құрмет-ықыласынан асқан баға жоқ. Көпшіліктің бүгінгі ықылас-құрметі әріптесімздің кәсіподақ ұйымына сіңірген еңбегінің өтеуі екені талас тудырмайды. Ендігі тілек – бейнеттің зейнетін көріңіз, – деген Ғафу Оразұлы Жұман Тұрғымбайұлының иығына шапан жапты. Жиында Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Айдын Сеитбенбетов пен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің

директоры Мейрамбек Кенжебаев жамбылдық теміржолшылардың ізет-тілегін жеткізіп, Құттықтау хат тапсырып, сый-сияпат көрсетті.

– Станция бастығы болып тұрғанымызда мекемеге керектіні бір айтып, ұжымдағы еңбек қауіпсіздігі мәселесін екі айтып, алдыңызға талай келдік. Сол мәселелердің бәрінің уақытлы шешілуіне ықпал етіп, кәсіподақ тарапынан қолдан келген көмекті жасауға ұмтылып, кез келген теміржолшының тілегін тындап, өтінішін аяқсыз қалдырмайтын ұстанымыңыз кейінгі кәсіподақ қызметкерлеріне үлгі болсын, – деді Айдын Пайзылдаұлы.

Жамбыл облысы, бұрынғы Луговой станциясында дүниеге келіп, теміржол жағалап өскен Жұман Сәменов Омбы теміржол көлігі инженерлері институтын «Теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және байланыс» мамандығы бойынша бітіріп, Жамбыл теміржолында отыз бес жылдай жемісті еңбек етті. Жамбыл белгі беру және байланыс

дистанциясының электромеханигі болып бастап, Жамбыл жол бөлімшесінің пойыз диспетчері, Жамбыл станциясы, жол қозғалыс бөлімінің, жол және құрылыс бойынша жол байланысы бөлімі бастығының орынбасары, бас экономист, Жамбыл бөлімшесі директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

Ал кәсіподақ қызметінде әріптестері Жұман Сәменовті қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау бойынша қойылған міндеттерді шебер және сапалы шешіп отырған төраға ретінде жоғары бағалайды. Оның еңбек дәстүрін сақтаудағы адал ұстанымдары мен жұмысқа деген ішкі жауапкершілігі, кәсіподақ қызметіндегі белсенділігі ұжымда кәсіподақ қозғалысының қалыптасуына жол ашты. Ол еңбек ұжымдары арасындағы бірлікті нығайтуға және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының дамуына елеулі үлес қосты.

**Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл**  
*Суретті түсірген автор*

## ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРГЕН...

Атырауда күн жаныш тұр. Әрине, шілденің қырық градус ыстығына қарамастан теміржолшылар желі бойында еңбек көрігін қыздыруда. Ал олардың балалары үшін жаз қызығы басталған.



«Ата-аналар балаларын жазғы лагерлерге жіберуге асығады. Бұл жерде олар көңілді, қызықты уақыт өткізеді. Әр күнге жоспарланған қызықты мерекелік іс-шаралар әзірленіп, спорттық, басқа да ойындар, түрлі экскурсиялар, байқаулар да өтеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл шынымен де жаз жайнатып, күн күлдірген жайлы демалыс болмақ» дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесі персоналды басқару бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаева.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау**  
*Суретті түсірген автор*

## НАЧАТЬ С СЕБЯ




В Алматы прошёл эко-субботник в рамках республиканской инициативы «Taza Qazaqstan». Местом проведения стала территория Аэропортового озера – одного из любимых мест отдыха горожан. В числе активных участников акции – работники стальной магистрали.

Инициатива «Taza Qazaqstan» направлена на улучшение экологической ситуации в стране и развитие культуры ответственного отношения к окружающей среде. Эко-мероприятие объединило представителей сообщества Recycle BIRGE, волонтеров, молодёжь, а также железнодорожников — активистов, неравнодушных к вопросам экологии. Участники субботника занимались очисткой прибрежной зоны: собирали пластиковые и стеклянные отходы, бытовой мусор, а также проводили разьяснительные беседы о важности переработки и сохранения природных ресурсов.

В результате совместной работы было собрано 68 килограммов вторсырья, отправленного на переработку, и 71 килограмм не перерабатываемого мусора, который вывезен при поддержке акимата Туркисбского района.

– Мы, железнодорожники, всегда отличались сплочённостью и активной гражданской позицией. Поддержка экологических инициатив – это не только вклад в чистоту нашего города, но и пример для подрастающего поколения. Сегодняшний день показал: вместе мы можем многое, – поделился работник алматинской дистанции сигнализации и связи Досымжан Ерланов.

Организаторы акции выразили благодарность всем участникам и отметили, что такие мероприятия будут проводиться на регулярной основе. Железнодорожники Алматы подтвердили свою готовность и в дальнейшем активно участвовать в экологических инициативах, демонстрируя ответственное отношение к охране окружающей среды.



**Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы**  
*Фото автора*

## СПОРТИВНАЯ ТРАДИЦИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ



В живописном городе Щучинск завершилась республиканская спартакиада среди работников АО «НК «Қазақстан темір жолы». Это масштабное корпоративное мероприятие собрало вместе 250 железнодорожников из всех регионов страны, чтобы в честной спортивной борьбе выявить сильнейших, укрепить командный дух и ещё раз подтвердить: КТЖ – это большая и сплочённая семья.

Главной целью спартакиады организаторы называют не только спортивные результаты, но прежде всего – популяризацию здорового образа жизни, развитие корпоративной культуры и укрепление межрегиональных связей среди сотрудников компании. Железнодорожники традиционно демонстрируют не только профессионализм на рабочих местах, но и отличную физическую форму, выдержку, волю к победе.

На соревнованиях прибыли 18 команд, каждая из которых представляет филиал, депо или управление КТЖ. Среди участников – представители самых разных профессий: машинисты, путейцы, связисты, диспетчеры, ра-



ботники СЦБ и административного аппарата. Но на спартакиаде все они – одна команда, объединённая любовью к спорту и верностью корпоративным ценностям.

Программа спартакиады включала шесть видов спорта: настольный теннис, шахматы, армрестлинг, аркан тарту (перетягивание каната), метание снаряда, прыжки в



длину. Каждая дисциплина требует не только физической подготовки, но и сосредоточенности, умения работать в команде и проявлять лидерские качества. Особенно зрелищным и эмоциональным стал турнир по аркан тарту, где коллективное взаимодействие решает всё. Шахматные баталии, напротив, проходят в тишине и тре-



отаға қажетті қаржыны жинауға қолдау-көмек күтеді.

Мұратбай Оразов «Өзен-Түркіменстан» теміржолы ашылған соң тегіздегі Болай станциясының бастығы міндетіне тағайындалып, өткен жылдың күзіне дейін

Железнодорожники проводили на заслуженный отдых финансового ревизора Южного регионального отдела ревизии Валентину Нейман, которая отдала любимой работе 42 года. Поздравить ее пришли коллеги из Усть-Каменогорска и Семейя, руководство и представители Семейского отделения грузовых перевозок в Оскеменском регионе, ревизорского аппарата, профсоюза.



## ТЕПЛЫЕ ПРОВОДЫ

Много цветов, приятных и искренних слов подарили новоиспеченной пенсионерке. Как считает заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок в Оскеменском регионе Марат Уалиев, для Валентины Нейман когда-то железная дорога стала вторым домом, и она, действительно, заслужила такие теплые провода.

– Я начинала работу на железной

дороге с должности товарного кассира станции Оскемен-1, вся финансовая деятельность с этого начинается, - вспоминает Валентина Нейман. – Потом меня перевели в отдел планирования Защитинского отделения дороги, а с 2007 года являлась ревизором Южного регионального отдела ревизии. В мои функциональные обязанности входили плановые и внеплановые проверки финансо-

во-хозяйственной деятельности станций, подразделений железной дороги всего нашего регионального отдела. К слову, я получила образование по специальности «Эксплуатация железных дорог».

По словам Валентины Нейман, ее пригласили в одну железнодорожную компанию коммерческим директором. Так что скучать ей точно не придется.

**Ольга УШАКОВА,**  
*Усть-Каменогорск*  
*Фото автора*

## В ДУХЕ ЗДОРОВОЙ КОНКУРЕНЦИИ

На станции Караганда-Сортировочная состоялась конкурс профессионального мастерства «Жас үздік маман-2025» среди осмотровщиков-ремонтников вагонов.



**ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ**



вдохновляться успехами коллег, – отметила она.

За звание лучшего боролись 20 участников. Конкурс включал два этапа: теоретический и практический.

На первом этапе участники отвечали на пять профессиональных вопросов за две минуты. На втором – демонстрировали навыки в реальных условиях: за отведенные две минуты осмотровщик должен был выявить 15 неисправностей в вагоне. Также жюри оценивало наличие спецодежды, инструмента и общее поведение на рабочем месте.

По итогам конкурса победите-

лями стали Ерик Аралбаев (ПТО «Юг») и Маргулан Айттеков (ПТО станции Жарык). Второе место присуждено Серику Залимбаеву (ПТО станции Карабас) и Меиржану Кудайбергенову (ПТО станции Кызылжар). Третьими стали Аманжол Дауырханов (ПТО станции Карабас) и Бакытжан Султан (ПТО станции Косколь).

Конкурс прошел в атмосфере здоровой конкуренции и стал настоящей площадкой для обмена опытом, укрепления командного духа и профессионального роста работников вагонного депо.

**Светлана МОГАЙ, Караганда**  
*Фото автора*

буют максимальной концентрации и стратегического мышления.

Многие команды подошли к подготовке основательно – проводили тренировки заранее, организовывали внутрикорпоративные отборочные туры, формировали сборные по спортивному принципу. Всё это говорит о высокой заинтересованности работников и об уровне внутренней сплочённости в коллективе.

Организаторы подчёркивают, что спартакиада – это не разовое событие, а важный элемент корпоративной стратегии КТЖ, направленной на формирование сильной и здоровой корпоративной среды.

Победителей и призёров наградили кубками, медалями и памятными подарками. Однако, как подчёркивают участники, главный приз – это атмосфера дружбы, взаимного уважения и духа единства.

**Айлин БАУРЖАН, Кокшетау**  
*Фото автора*

тынымсыз еңбек етіп, жаңа жас станцияны көтеруге бүкіл күш-қайратын жұмсап еңбек етті. Қос ұлы – Талғат пен Паракхатты жетілдіріп, теміржолшылар көшіне қосты. Бүгінде бірі Болайда, екіншісі Құрмаш бекітінде еңбек етеді.

Көмек қолын созам дейтін азаматтар болса, төмендегі реквизитті ұсынамыз:

**Халық банк картасының номері 5354 5102 4700 2081 М.Оразов немесе 87785107434 телефон номері (Халық банкі, Каспий банкі) арқылы жіберуге болады.**



Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Конаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

**Басылымның таралымы 11 415**  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

**Жауапты хатшы**  
**Ерболат Тілеубергенов,**  
тел.: +7 702 5795768

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өзбасу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Жамбыл:** Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертay 8-777-498-31-61

**Газет басылатын қалалар:**

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркөп куәлігі берілді.